



БАҚ-тарға арналған хабарлама

Шардара СЭС-інде бірінші су агрегатынан кейін ізінше екіншісі іске қосылды

15.04.2019 ж.

Түркістан облысындағы Шардара СЭС-інде станцияны қайта құру аясында жоспарланған төрт су агрегатының екіншісі пайдалануға тапсырылды. СЭС-те технологиялық жабдықтың сынағы ойдағыдай аяқталып, негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, Шардара СЭС-ін түбегейлі жаңғырту бағдарламасы аясында 2020 жылғы наурызға дейін станциядағы төрт су агрегатының бәрін де ауыстыру жоспарлануда. Жобаның жалпы құны 38 млрд. теңгені құрайды. Қаржыландыру 32%-ке өз қаражаты есебінен, 68%-ке несие есебінен іске асырылуда. Жоба мердігері – австриялық-германиялық Andtitz Hidro GmbH компаниясы.

Ауқымды қайта құру СЭС-тің қуатын 26 процентке – қазіргі 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жыл сайын қосымша 57 млн. кВт/сағат электр энергиясы өндірілетін болады. Жаңа жабдық су станциясының қызмет ету мерзімін 35-40 жылға дейін ұзартып, СЭС-ті пайдалану сенімділігін арттырады және авария қаупінің деңгейін төмендетеді. «Самұрық-Энерго» АҚ мамандарының сөзінше, бұл жоба энергия тапшылығын сезініп отырған Түркістан облысын электр энергиясымен қамтамасыз етуде және өңірдегі су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруда үлкен маңызға ие.

Шардара СЭС-і 1967 жылы пайдалануға берілді, белгіленген қуаты 100 МВт және агрегаттарының саны – 4. Норматив бойынша қызмет ету мерзімі 25 жыл болса, станцияның технологиялық жабдығы 50 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді, жаңғырту жобасының басталуына қарай жабдықтың тозуы шамамен 100%-ке жеткен. Су станциясында орнатылған электр жабдығының бір бөлігін оны жасаған зауыттар қазір шығармайды және оны өндірістен алып тастаған. Үнемділігі мен пайдалану сенімділігі тұрғысынан жабдықты одан әрі пайдалану мақсатқа сай болмай қалды.

Алғашқы екі су агрегатын пайдалануға тапсырумен бірге, үшінші агрегат бойынша құрылыс жұмыстары қатарласа жүруде. Сонымен бір мезгілде төртіншісі орнынан алынады. Бекітілген кестеге сай, бұл уақытта осыған дейін іске қосылғандары жұмыс істеп тұрады. Осылайша, жұмыс жоспарына сай, төрт су агрегатының бәрін де жаңарту көзделуде.

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы аса ірі электр энергетикалық холдинг, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 2007 жылы құрылған. Жұмысының негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, бөліп-тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдинктің құрамына энергия және көмір өндіру кәсіпорындары, соның ішінде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электрстанциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б. кіреді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисі
Тел: (7172) 55-30-62; r.tasbulatov@samruk-energy.kz